

Бұзау колибактериозының алдын алуы



Колибактериоз немесе эшерихиоз - патогенді ішек таяқшасынан туындайтын және негізінен диарея арқылы пайда болатын ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлерінің төлдерінің жіті инфекциялық ауруы.

- ▶ Қоздырғышы - **Escherichia coli** ішек таяқшасы.
- ▶ **Индеттің қоздырғыш көзі** - колибактериозбен ауыратын немесе ауырып болған малдар. Жиі кездесетін жолы - алиментарлық, ауа арқылы жұғу сирек; кейде жатыр ішінде де жұғады.
- ▶ **Тарихы.** Бұзаудың ақ тышқак ауруының жұқпалы екенін 1865 жылы Обих, ал оны ішек таяқшасы бактериялары қоздыратындығын Иенсен 1891 жылы дәлелдеді. Алғаш рет Эшерих 1960 жылы адамның нәжісінен бөліп алған, бұл микроб *Escherichia coli*, ал ол қоздыратын ауру колибактериоз немесе эшерихиоз деп атанды.



- ▶ Бұзаулар өмірінің бірінші күні ауырады. Ішек таяқшалар дені сау адамдар мен малдардың ішектерінде мекендейді. Жаңа туған бұзаудың сау шырышы ішек таяқшаның енуіне қарсы тұрады.
- ▶ Мүшенің қорғаныс күші әлсірегенде (дұрыс азықтандырмағанда және толысып жетілмегенде, ішектің сірлі қабығы қабынғанда) ішек таяқшасы бірінші барьерден өтіп – ішектің шырышты қабығынан, қабыну процессін шақырады және лимфа мен қан жүйелеріне өтеді, сепсис құбылысына жол береді.





Аурудың себептері: Буаз малдың күтімінің нашар болуына байланысты уыздың құнарсыз болуы, соның нәтижесінде төлдің ауруға төзімділігінің нашарлауы. Бұзаудың күтімінің нашарлығы, гигиеналық-санитарлық реттіліктің дұрыс сақталмауы.

- ▶ **Ауру белгілері.** Іш өтуі сулы ақ – сұр түсті болып, газ көпіршікті немесе қышқыл иісті болады. Сұйық іш өту құйрығы мен санын бұлғайды. Тәбеті болмайды, төл тез арықтап, әлсірейді. Жануарлар бастарын және аяқ – қолдарын созып жатады, көздері түсіп, жүндері жылтырауығын жоғалтып, терісі жергілікті сасық терімен қапталған. Пулсі жиі және әлсіз, тыныс алуы үстіртін және жиі болады.
- ▶ Емі. Ауру бұзауды оқшаулап, диета қойылады. Сүт орнына тұзды ерітінділер, ацидофильді-сорпалы шоғыр, зығыр дәнінің қоспасы, мал колибактериозына қарсы поливалентті гипериммунды қан сарысуы қолданылады.
- ▶ Ауру дамыған сайын көрсетілген белгілер күшейіп, жануарлар коматозды күйге түсіп өліммен аяқталады. Сирек жағдайда ішек құбылыстары біртіндеп азайып жазылады, тәбеті ашылып және малдар ақырындап жазыла бастайды





- ▶ Колибактериозды екі негізгі-энтеротоксемиялық және септицемиялық формаға бөлінеді.
- ▶ Энтеротоксемиялық формасында эшерихия ащы ішекте және жалбыршақ қарында жиі өсіп-өнеді, бұнда энзотоксиндер және бактериялардың орасан көп биомассасы жиналады, бұлар қырылғанда, эндотоксиндер бөлініп шығып, жергілікті қабыну процестерін туғызады. Эндотоксиндер лимфа жүйесіне өтеді, содан күшті токсемия басталады және бұзау көп ұзамай өледі.
- ▶ Септицемияда эшерихия ішек-қарын қабырғасынан шажырқай лимфа түйіндеріне, содан кейін жалпы лимфа тамырына өтіп энтерит пен сепсиске ұшыратады. Колибактериоздың ішек-қарын формаларына көбіне термолабильді және термостабильді экзотоксиндер шығаратын эшерихиялар тудырады.



- ▶ Жаңа туған бұзау уақытылы уызбен азықтанған болса оның иммуноглобулиндері ішектің кілегейлі қабығына еніп қоздырушының өсіп-өрбуінен және оладың адгезивтік қасиетін көрсетуіне кедергі келдіреді. Осының нәтижесінде патологиялық процесс тек қана ішекте дамиды. Колибактериозының ішек-қарын формаларын көбіне термолабильді және термостабильді экзотоксиндер шығаратын эшерихиялар тудырады.



Колибактериозды емдеуде қолданылатын антибактериальды препарат



Назарларыңызға рахмет!!!

